аптaлық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 33/418
21 августа 2015 года

газета издается с 26.06.2004 года

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН !
# С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

### Құрметті Әріптестер, қала тұрғындары!

Сіздерді шын жүректен Конституция күнімен құттықтаймыз! Конституцияға орныққан ережелер мен принциптер Қазақстан мемлекетінің дамуына, әлеуметтің және саясаттың тұрақты нығайтылуының, бірлік пен достықтың, ұлтаралық келісімнің мықты іргетасы. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта лайықты орын алып, биік белеске көтерілгені осының айғағы.

Әрбір қазақстандық келешекке керуен тартқан мемлекетіміздің тұрақты дамуының кепілі Конституцияның мемлекет пен қоғам үшін ғана амес, өзінің жеке басы мен отбасы үшін де маңыздылығын терең сезінеді.

Осы мерекелі күні Сіздерге және Сіздердің жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт, бірлік және ертеңгі күнге сенімділік тілейміз!

Ізгі тілекпен;

**Қала әкімі Қ.Камзин**
**Мәслихат хатшысы Б Сәрсембеков**

### Уважаемые коллеги, жители города!

Поздравляем Вас с Днем Конституции!

Нормы и принципы, заложенные в Конституции, стали прочным фундаментом для развития Казахстанской государственности, укрепили социальную и политическую стабильность, мир и дружбу, межнациональное согласие. Казахстан сегодня занимает достойное место в международном сообществе. Каждый гражданин глубоко осознает значимость Конституции не только для государства и общества, но и лично для себя и своей семьи.

В этот праздничный день желаем Вам и Вашим близким крепкого здоровья, счастья, благополучия и уверенности в завтрашнем дне!

С Уважением;

**Аким города К.Камзин**
**Секретарь маслихата Б.Сарсембеков**

### Құрметті қала тұрғындары !
### Құрметті газетіміздің оқырмандары !

Сіздерді бүгінгі біздің еліміздің Ата заңы-Конституция күнімен барлықтарыңызды құттықтаймыз! Еліміз тыныш, жұртымыз аман, аспанымыз ашық болсын !

Көк байрағымыз көгімізде желбірей берсін! Денсаулықтарыңыз зор болсын! Отбасыларыңызға құт-береке, ырыс пен ынтымақ тілейміз !

**«Приозерский вестник» газеті редакциясының атынан**
**бас редактор Б. Кенжебеков**

### Уважаемые жители города !
### Уважаемые читатели нашей газеты !

Сердечно поздравляем Вас и в Вашем лице Ваших родных и близких с Национальным праздником – Днем Конституции Республики Казахстан! Желаем Вам мирного неба над головой, крепкого здоровья, большого счастья, благополучия в семье!

Пусть всегда над Вашим шаныраком будет ясное, мирное небо!

**От имени редакции газеты «Приозерский вестник»**
**главный редактор Б. Кенжебеков**

## АТАЗАҢНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

**Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!**

Бүгін ел Конституциясына 20 жыл толды! Бұл – біздің мемлекетіміз үшін мерейлі меже, айрықша маңызды күн! Баршаңызды осы ұлық мерекемен шын жүректен құттықтаймын! Бүкіл халықтың талқысынан өтіп, елдің игілігіне айналған Конституция – біздің мемлекетіміздің басты төлқұжаты болып саналады. Сын сағатта тәуелсіздігіміздің кепілі болған қастерлі Ата Заңымыз – ұлттық рухымыздың адастырмас темірқазығына айналды.

Біз бірлігімізді бекемдеген бәтуалы байламмен тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік, тұрақтылық пен тұтастықты сақтап, дегенімізге жеттік. Біз жүретін жолымыздың жаңылмас жосығы, талғам-таңдауымыздың таразысы болған Конституция арқылы іргелі саяси-экономикалық реформаларды іске асырдық. Конституцияны қастерлеу, түптеп келгенде мемлекетті құрметтеу деген сөз! Ендеше, біз баршамызға өнегелі қағидаттар ұсынатын ұстынымыз, жасампаз жарғымыз – Ата Заңды айрықша құрметтеуіміз керек.

Атазаңымыздың 20 жылдығы мерейлі мерекесі күні приозерскіліктерге және оларлың отбасыларына шынайы пейілден мықты денсаулық, қажымас қайрат, еңбекте табыс және баянды бақыт тілеймін! Еліміздің көк байрағы төбемізде бейбіт күннің куәсіндей желбірей берсін!

**Амандық Жұмаханұлы СЕРІКОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты**

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЛЫ АТАЗАҢЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің тарихына жүгінсек, 1995-жылы атқарылған жұмыстар елдің үлкен белестен бір аттағанын, басты асуды асқанын айғақтар еді. Соның ішінде 1995-жылдың 30-тамызындағы Конституцияны қабылдаудың маңызы айтарлықтай ерекше болмақ. Елдегі саяси өзгерістерге орай, сол жылы Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен сарапшылар тобы құрылып, олар әлемнің көптеген елдерінің Конституцияларын, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысында қабылданған Негізгі Құжаттарды мұқият сараптаудан өткізді. Сарапшылар тобының ғалымдары, саясаткерлер ғана емес, бұл іске Елбасы да етене араласты. Тіпті, осы істің тізгіні Мемлекет басшысының қолында болды, Президент те бұған барынша жан-жақты дайындықпен келді десек жаңылмаспыз.




1995-жылғы Конституцияны талқылау кезеңінде еліміздегі беделді заңгерлерден бөлек, әлемнің көптеген елдерінің білікті өкілдері мен ең беделді заңгерлері жобалық жұмыстың жоғары талқылау шараларына атсалысты. Тәуелсіздік тарихында тұңғыш рет бүкілхалықтық талқылауға салынған да, елдің көптеген пікірі ескерілген Негізгі Заң да осы – 1995-жылы қабылданған Конституция. Ресми мәліметтерге қарасақ, құжатты талқылауға 3млн. 345мың адам қатысыпты. Жұртшылық тарапынан сарапталған 31 мың 886 ұсыныс түссе, соның 1 мың 100-і конституция жобасына енгізілген. Сөйтіп, Тұңғыш Президенттің өзі бастама әрі ынталылық жасап, сол кездері 20-дан астам дамыған және дамушы елдерінің конституцияларын зерттеп, саралап, зерделеп шықты.

1995-жылы 30-тамызда елдің жаңа Конституциясын қабылдау жөнінде бүкілхалықтық референдум өтіп, Атазаң барлық қазақстандықтардың ой-пікірін есепке ала отырып жасалған құқықтық-саяси құжат болды. Өйткені, Конституцияны қалыптастыруға қалың қазақстандық жұртшылық тікелей қатыса отырып, республикалық референдумда қабылданды. Бұл үдеріс Атазаңға ерекше үстем күш беріп, оның әлеуетін арттырады. Осылайша, дүниеге келген Конституция тәуелсіз мемлекет ретінде дамуымызға даңғыл болып, елдің бетке алған бағдарының тұтастай бөлігін қамтып отыр десе де болады. Алайда, заман ағымына қарай Негізгі заңымыздың өзгеріске ұшырауын да ешкім жоққа шығара алмасы анық. Дегенмен, қазіргі һәм өмір бойғы басты міндетіміз – Қазақстан Тәуелсіздігінің тірегіне айналған Атазаңды қатаң ұстану. Яғни, басты талап – Атазаңымыз, Атазаңды құрметтеп қорғау, ал оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау республикамыздың әрбір азаматының міндеті мен парызы болуы тиіс. Екіншіден, қолданыстағы Конституция республика өмірінде экономикалық қана емес, саяси өзгерістерге де жол ашты. Қос палаталы кәсіби Парламенттің жасақталуы да соның жарқын айғағы. Түйіндей айтсақ, 1995-жылы қабылданған Ата Заң мемлекеттің шұғыл бетбұрысын қамтамасыз етіп, Қазақстанның қазіргі жеткен жетістіктерінің бірден-бір кепілі бола алды. Оны дәлелдеп жатудың өзі де артығырақ.

Әлбетте, Конституцияның қоғам өміріндегі, еліміздің тарихындағы орны бөлек. Биыл ел болып жиырма жылдығын атап өтіп отырған біздің Атазаңымыз өз өміршеңдігін көрсетті. Атазаң қағидаттарына сәйкес, еліміздің демократиялық жолмен даму бағыты айқындалды. Құқықтық мемлекет қалыптастыру қағидалары қоғамда және азаматтардың санасында түпкілікті бекітіліп, өз жемісін беруде. Ең бастысы, Қазақ елінде кейбір көршілеріміздегідей, «ертеңіміз қалай болады» деген үрей жоқ, араб елдеріндегідей тығырыққа тірелтетін дағдарыстардан да аулақпыз. Ал ондай дағдарыстар туындауының бір негізі конституциялық қайшылықтардан, даму бағытын айқындаудың олқылығынан туындап жатқаны да белгілі болып жатыр. Керісінше, қазақ даласында орта қол шаруасын айналдырған халықтың ақжарқын жүзі мен ертеңге деген сенімін байқаймыз. Осының бәрі қолданыстағы Атазаңды арқау ете отырып, оның ережелерінен еш ауытқымай, елге, халыққа қызмет етіп отырған Тұңғыш Президент – Елбасының сабырлы конституциялық саясатының арқасы. Ең бастысы, Қазақстан мемлекеттігінің нығаюына, еліміздің дамуына, халқымыздың өсіп-өркендеуіне негіз қалап берген Атазаң Тәуелсіздігімізді тұғырлы етуге де әлеуетті екенін танытып отыр.

Мерейлі мереке қарсаңында аталмыш мейрамға байланысты бірер қала тұрғындарының пікірлерін сұраған едік:

–Бұл Атазаң – Тәуелсіз еліміздің Тәуке ханның Жеті Жарғысынан кейінгі қабылданған маңызды құжат дер едім. Мұнда халықтың жағдайын жақсарту үшін барлық заңнамалық тетіктер қарастырылған. Елдің тыныштықта, молшылықта, тең құқылы мәртебеде өмір сүруі де Атазаңның өмішеңдігін көрсетеді, – дейді зейнеттегі педагогика саласының үздігі Әділхан Наушаруанов.

–Біз – жастардың құқығын қорғауға қызмет ететін Атазаңымыздың 20 жылдық мерейтойымен барша қазақстандықтармен қатар, қала тұрғындарын, замадастарымызды да құттықтаймын! Елбасы мен халқымыздың бізге артқан сенімін ақтауға біз міндеттіміз және парызымыз деп пайымдаймын. Бүгінгі таңда жастарға мейлінше жағдай жасалуда. Осы мүмкіндіктерден ұтымды пайдаланып, елдің болашағы үшін қызмет етуге дайын болуымыз керек, – деді бізбен әңгімесінде студент жігіт Сапармұрат Құрманәлиев.

Өз тарапымыздан біз де жамағатты мерейлі мерекемен құттықтаймыз және елімізде бейбіт те, бақытты өмір мен ауызбіршілік болуынтілейміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**газеттің арнаулы тілшісі**

*«Жасыл ел» бағдарламасы*

## «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ

Әр адам өз елінің патриоты болуы керек. Осы орайда аянбай еңбек етіп, өз туған жерінің мәртебесін көтеру әр қазақстандықтың міндеті. Әсіресе, еліміздің болашағы болып саналатын жастарымыздың тікелей парызы болмақ. Қазақстан әлемдегі ең жас мемлекеттер қатарына жатады. Мұндағы халықтың басым көпшілігі бойында жалыны мен қуаты тасыған жастар екені бәрімізге мәлім. Көрпесіне қарай көсілетін әр заманның өз жастары болады. Жастар – ұлт келешегі. Ертеңгі қоғамның айнасы іспеттес. Оларға қарап ертеңгі күннің, болашақ қоғамның қандай болатынын болжаймыз. Содықтан да жастардың қызығушылығын қоғам назарына бұру дұрыс сияқтанады. Жалпы қандай елде болса да оның азаматтарының, жастардың қоғам өміріне белсене араласқаны жақсы құбылыс емес пе?! Әрине, солай!

Қазіргі танда, елімізде жастар саясаты қолға алынуда. Бұл орайда көптеген игі бастамалар өз жемісін көрсетіп те жатыр. Жастар саясатын іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі - жас адам-

*(соңы 4 бет.)*

РЕАЛИЗАЦИЯ ПЛАНА НАЦИИ

# СЛУЖИТЬ ЧЕСТНО И ЭФФЕКТИВНО



**Планом нации «100 конкретных шагов» объявлена институциональная реформа, направленная на формирование профессионального государственного аппарата. О предстоящих изменениях мы беседуем с руководителем Департамента по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области Ержаном Ибраимовым.**

***-Ержан Кебекович, по-вашему мнению, почему Глава государства уделил первостепенное внимание формированию профессионального госаппарата, и каковы особенности запланированной реформы?***

-Действительно, нынешний План нации существенно отличается от тех программных документов, с которыми нам приходилось работать раньше. Здесь мы имеем дело с уникальным модернизационным проектом, результатом реализации которого является построение успешной, конкурентоспособной страны.

Каждый шаг, подразумевающий собой последовательное движение вперед, обозначен более чем конкретно. Президент предложил обществу целый комплекс реформ, являющихся продолжением нового политического курса, обозначенного в Стратегии «Казахстан-2050», а также Послании «Нұрлы жол – путь в будущее».

Отмечу, что сегодня делается очень многое для того, чтобы Казахстан вошел в число мировых развитых государств. Этот процесс может стать еще более мобильным, если в государственном аппарате будет достаточное количество профессионалов высокого класса, по-настоящему патриотов своей Родины, честных людей, не подвластных коррупции. Поэтому и поставлена задача – сделать корпус государственных служащих профессиональным и автономным.

***-Как будут отбираться служители народа в результате реализации инициатив Президента?***

-Что касается конкурсного отбора, то здесь ожидаются существенные изменения. Государственная служба нуждается в надежных профессионалах, которые в своей повседневной деятельности не только могли бы достойно выполнять стоящие перед ними задачи, но и своим поведением способствовали бы росту уважения и авторитета к органам государственного управления. В этой связи, по мнению Главы государства, необходима модернизация процедуры приема на госслужбу.

Поступление должно начинаться с низовых должностей, а отбор кандидатов на низовые должности и карьерное продвижение осуществляться на основе компетентностного подхода.

Так, конкурс будет состоять из трех этапов. На первом этапе кандидаты должны будут пройти комплексное тестирование на знание законодательства Республики Казахстан и по компетенциям.

В дальнейшем кандидат должен пройти собеседование, где будет оцениваться уровень приверженности кандидата принципам и ценностям госслужбы, связанных с этичностью, нетерпимостью к коррупции, ориентацией на качество.

На завершающем этапе кандидат проходит собеседование в государственном органе, который проводит конкурс, где будут оце-нivаться общие знания исходя из сферы деятельности госоргана. Впервые поступившие на госслужбу будут проходить обязательный испытательный срок.

***-Каковы дальнейшие карьерные перспективы госслужащих?***

-Дальнейшее карьерное продвижение будет осуществляться также на основе внутреннего конкурса, но по упрощенному порядку и в короткие сроки. В конкурсах смогут участвовать государственные служащие с опытом работы на нижестоящих должностях.

При этом первоначально кандидаты будут отбираться среди работников госоргана, где заполняется вакансия. В случае отсутствия подходящих претендентов, отбор пройдёт среди служащих всех государственных органов.

***-Получается, что после введения новой системы оплаты труда, госслужба станет престижным и прибыльным родом деятельности?***

-Да, вопросы материального стимули-рования госслужащих не остались без внимания. В рамках реформы заработная плата будет состоять из двух составляющих. Первая - это гарантированная часть. Она устанавливается с помощью факторно-бальной шкалы, учитывающей не только иерархию должностей, но и реальную нагрузку на работника и его роль в достижении стратегических целей и задач госоргана. Кстати, этот метод успешно используется в США, Великобритании, Канаде, Японии, Сингапуре, Малайзии.

Вторая составляющая заработной платы – это ее переменная часть в виде бонусов. Они будут выплачиваться исходя из оценки выполнения годовых индивидуальных планов. Если достигнуты высокие результаты, государственным служащим будут выплачены соответствующие бонусы.

Принципиально важно, что мы впервые отказываемся от уравнительного подхода. Эти меры направлены на обеспечение справедливого и достойного уровня оплаты труда государственных служащих. Их использование начнется уже с 2016 года.

***-Чего стоит ждать госслужащим от предстоящей аттестации?***

-Действительно, комплексная аттестация государственных служащих будет проведена в следующем году. Цель аттестации - отбор квалифицированных кадров, их удержание и повышение на основе меритократии, а также недопущение на должности недобросовестных и некомпетентных работников.

Аттестация, прежде всего, проводится для определения профессиональной подготовки и деловых качеств госслужащих. Глава государства поручил провести аттестацию, которая направлена на выявление и развитие наиболее профессиональных и талантливых служащих.

***-Нововведения, о которых вы обмолвились, будут закладываться в действующее право?***

Безусловно. Будет принят новый Закон «О государственной службе», его основные принципы распространятся также и на все правоохранительные органы, с одновременным сохранением их отраслевого Закона. Планируется принять новый Этический кодекс госслужащих, в котором четко будет регламентировано допустимое и недопустимое поведение государственных служащих. Также будет разработано новое антикоррупционное законодательство.

***- До того момента, когда реформы станут обыденностью еще есть время. Как строится работа Департамента в этих условиях?***

-Наша задача на сегодняшний день – информировать и разъяснять гражданам о том, чего может добиться страна в результате реализации реформы. Мы стараемся вовлекать в этот процесс средства массовой информации, способных доступно донести до народа смысл и содержание реформы, а также молодых госслужащих, чей талант и профессионализм, должны служить интересам людей.

Неслучайно, что 26 августа мы проводим сразу два конкурса: «Жас дарын» на звание лучшего госслужащего области, а также «Лучшее антикоррупционное освещение» среди журналистов. Желающие принять участие могут узнать подробности конкурсов в нашем Департаменте.

В завершение хотел бы подчеркнуть, мы все воодушевлены новыми приоритетами, которые обозначены Главой государства. Их качественная реализация позволит создать современный корпус госслужащих, объединенный общими ценностями – патриотизмом, профессионализмом, честным и эффективным служением.

**Дулат Аубакиров**

# ВСТРЕЧА С ЧЛЕНАМИ ИНФОРМАЦИОННОЙ ГРУППЫ

**14 августа в актовом зале городского отдела внутренних дел состоялась встреча представителей учреждений и организации, а также жителей города с членами информационной группы по разъяснению Плана нации – 100 конкретных шагов в рамках пяти институциональных реформ Главы государства** во главе руководителя группы **Садыковой Жанат Кабикешовной**, руководителя департамента статистики Карагандинской области и члена группы **Орловой Татьяны Николаевны**, заместителя руководителя Управления энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Карагандинской области.

На повестке дня главный вопрос - **реализация Плана нации - 100 конкретных шагов в рамках пяти институциональных реформ Главы государства.**

В своем выступлении руководитель информационной группы Садыкова Ж.К. отметила, что Президент Нурсултан Назарбаев обозначил 100 конкретных шагов на расширенном заседании



Правительства в Астане 6 мая 2015 года. Для реализации данных реформ Указом Главы государства создана Национальная комиссия по модернизации, в составе которой **пять рабочих групп**, состоящих из отечественных и международных экспертов. Возглавляет Комиссию Премьер – министр страны К.Масимов, заместителем является Руководитель Администрации Президента РК Н.Нигматулин. Двумя генеральными целями Плана нации являются вхождение в 30-ку развитых государств мира к 2050 году и реализация Казахстаном стандартов стран Организации экономического сотрудничества и развития.

**Почему 100 шагов?** Все четко, предметно и конкретно – 100 решений, 100 поручений Президента.



**15 шагов - Формирование профессионального государственного аппарата**

Они направлены на Кардинальное повышение профессионализма государственного аппарата.

**19 шагов - Обеспечение верховенства закона** - это эффективные действия по модернизации судебной системы и работы правоохранительных органов.

**50 шагов - Индустриализация и экономический рост** - это четкие и точные решения, стимулирующие новый высокотехнологичный экономический рост и развитие человеческого капитала, строго ориентированные на улучшение качества жизни казахстанцев.

**6 шагов - Идентичность и единство** - это полновесные меры, предполагающие укрепление общеказахстанской идентичности единства общества, развитие системы ценностей «Мәңгілік Ел».

**10 шагов - Формирование подотчетного государства**

Они обеспечивают совершенствование механизмов работы «Открытого Правительства», прозрачности и подотчетности госорганов, усиления общественного контроля и расширения гражданского участия.

Далее, Садыкова Ж.К. остановилась на деятельности рабочей группы по «идентичности и единству»: В этой сфере у нас 6 шагов. «Шагами» по реализации данной реформы являются:

Во-первых, разработка Патриотического акта «Мәңгілік ел»;

Во-вторых, реализация масштабного проекта Ассамблеи народа Казахстана «Большая семья - большая страна»;

В-третьих, разработка и реализация национального проекта по укреплению гражданской идентичности «Менің елім»;

В-четвертых, разработка и реализация национального проекта по продвижению идеи Общества Всеобщего труда;

В-пятых, разработка и реализация проекта «Нұрлы болашақ»;

В-шестых, информационное сопровождение и продвижение реализации пяти институциональных реформ.

Затем руководитель группы остановилась на принимаемых мерах по реализации намеченных мероприятий.

**Б.Алшынбекулы**





**Құрметті қала тұрғындары!**
**Жеке кәсіпкерлер!**

2015 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін **«Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық акциясы** жүріп жатыр. Осыған байланысты «Балаларға бірге көмек берейік!» ұранымен ұйымдастырылатын «Мектепке жол» акциясына атсалысуға шақырамыз. Дәстүр бойынша акция барысында мектеп жасындағы балаларды, әсіресе көмекке мұқтаж отбасы балаларына әлеуметтік көмек көрсетіп қолдауларыңызды сұраймыз.

Байланыс телефондары: **5-32-04, 5-33-85**

**«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ**



**Уважаемые жители города! Предприниматели!**

С 1 августа по 30 сентября 2015 года проводится **Республиканская благотворительная акция «Дорога в школу»** под девизом «Поможем детям вместе!».

Цель Акции - оказание поддержки школьникам из малообеспеченных и многодетных семей, детей-сирот, а также детей, оставшихся без попечения родителей, во время подготовки к началу учебного года. Всех, кому не безразлична судьба детей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации, всех, кто способен подарить нуждающимся детям праздник, приглашаем принять участие в акции.

Контактные телефоны: **5-32-04, 5-33-85**




**ГУ «Отдел образования г.Приозерск»**

*Жаңа оқу жылы қарсаңында*

# ТАМЫЗ КЕҢЕСІ: БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Әр оқу жылы басталар мезілде еліміз бойлап оқытушылардың дәстүрлі тамыз кеңесінің өтетіні белгілі. Осы жақсы дәстүр биыл да жалғасын тауып, Приозерск қаласының педагогтер қауымы жаңа оқу жылының алдында бас қосты және өткен оқу жылын қорытындылап, алдағы оқу жылында жасалар жұмыстың жайын ақылдасты.

*«Білім беру мазмұнын жаңарту: болашаққа бағдарлану"* тақырыбындағы биылғы тамыз педагогикалық кеңесінің пленарлық жиынына қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, білім бөлімінің басшысы Қасымова Гуля Кеңесқызы, әдіскерлер, мектепке дейінгі ұйымдар, жалпы орта білім беретін ұйымдар, қосымша білім беру ұйымдарының басшылары мен ұстаздары қатысты.

Тамыз кеңесінде қала мектептерінің ұстаздары мен балабақшалар қызметкерлері баяндамалар жасады. Балбөбек» бақшасының әдіскері Асемгул Зейнадиновна Зайнуллаева «Мектепке дейінгі білім беру жағдайындағы педагогтар мен ата-аналар ынтамақтастығы», №2 мектеп-балабақша кешені қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алтынай Серғабылқызы Ермағанбетова «Сапалы білім беруді қамтамасыз ету жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру», №1 орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Нағашыгүл Тоғызбаевна Шербаева «Оқушылардың математика пәні бойынша ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындау ерекшеліктері», №2 мектеп-балабақша кешеннің директоры Қарлығаш Сериковна Алтынбекова «Система работы школы по профилактике и предупреждению правонарушений среди учащихся», «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының директоры Попченко Светлана Борисовна «Организация летнего отдыха детей в современных условиях» тақырыптарындағы баяндамаларын ұсынды.



Жиында 2014-2015 оқу жылында жасалған жұмыстарға қорытынды жасалып, білім саласындағы жаңалықтар, жас жеткіншектерге қатысты басты мәселелер қозғалды.

–Құрметті ұстаздар қауымы! Сіздерді әр жылы өтетін тамыз кеңесі және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»… Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілеймін, - деп қала әкімі өз құттықтауын білдірді.

Жиын соңында білім беру ісіне еңбегі сіңген, Ұлттық бірыңғай тестілеу қортындысы бойынша жоғары нәтижеге қол жеткізген бір топ ұстаздар қауымы қала әкімі Қайрат Камзин Амангелдіұлының, қала әкімдігінің, Қарағанды облыстық білім басқармасының, Приозерск қаласы білім бөлімінің «Құрмет» грамоталарымен, «Алғыс» хаттарымен марапатталды.

Пленарлық жиын соңы пәндер бойынша секциялық отырыспен жалғасын тапты.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**



*29-тамыз – ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні*

# ТӨНГЕН ТАЖАЛДЫ ТҰҚЫРҒАН КІМ?

Тарихтың қасіретті беттерінде Қазақстан Республикасы Президентінің қайталанбас құбылысы – КСРО ыдырап жатқан тұста барлық жауапкершілікті өз мойнына ала отырып, 1991-жылы 29-тамызда «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлығына қол қойып, егемен елдің ертеңі үшін үлкен тәуекелге барғаны дер едік. Осы тағдыр шешетін, терең пайымдалған Жарлық арқылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ядролық державалар басшыларына тағылым көрсетіп, қарусыз әлемнің көшбасшысына айналды. Ендеше, атом полигонының жабылуына байланысты жағдайдың шиеленісін көрсету үшін 65 жылға кейінге шегініп көрелік.

1947-жылы тамыз айында КСРО Министрлер Кеңесі және КОКП ОК-нің қаулысымен атом зарядтарын сынау үшін 1948-жылы КСРО-ның Қорғаныс министрлігінің № 2 оқу полигоны, кейін Семей сынақ полигоны болған «объект – 905» тау сейсмикалық стансасы құрылғанын «Өте құпия» құжаттардың құпиясы ашылған соң ғана біліп жүрміз. Сол кезде Қазақстанның жер кадастрынан Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының аумақтарынан 18500 шаршы шақырым жер әскери полигондар үшін алынады. 1949-жылдың 29-тамызында Семей полигонында ядролық қарудың ең алғашқы сынағы өткізілді, 1954-жылдың 12-қыркүйегінде термоядролық құрылғы, ал 1955-жылдың 22-қарашасында сутегі бомбасы бірінші рет жарылды. 1963-жылға дейін сынақтар әуеде өткізілген, ал кейін КСРО, АҚШ және Ұлыбритания арасындағы ядролық сынақтарды атмосферада өткізуге шек қою туралы шартқа қол қойылғаннан кейін жер астына көшірілді. Бұл зарядтардың жиынтық қуаты Хиросимаға 1945-жылы тасталған бомба қуатынан 2,5 мың есе артық болған!.. Радиация 300 мың шаршы шақырымнан артық аумаққа зиян келтірді. Бұл аумақ шамамен Германияның көлеміндей еді. 40 жыл бойы полигонда өткізілген сынақтар біртіндеп 1,5 миллионнан астам қазақстандықтарды ядролық сәулесімен шарпи берді. Сондай-ақ, Президент мұрағатындағы құпиясы ашылған құжаттарда жекелеген тұрғындардың Алматыға жазған наразылық хаттары да сақталған. Әскерилер ешбір мәлімет бермегендіктен, ел мұның соңы немен және қалай аяқталатынын білмей, мазасызданумен болғаны ақиқат.

Нәтижесінде полигондағы жарылыстардың саны азайды. Алайда, толық тоқтатылған жоқ. Полигон өмір сүрді және өлім иісін аңқытты. Әрине, КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери «қаршығалары» мен олардың КОКП ОК-тегі қамқоршылары халық ашынып бара жатқанын көрді, бірақ, қарусыз альянстің қысымына көне салатындай емес, мемлекеттік машина әлі де қуатты болатын. Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы, содан кейін Қазақ КСР-нің Президенті лауазымындағы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қарусыз қозғалысқа ерен қолдау көрсетті. Мемлекет басшысы жекелеген наразылық қозғалыстарды біріктіре отырып, Мәскеудегі «ядролық лоббиге» Семей полигонындағы ядролық сынақтар «жарысын» тоқтатуға мәжбүр етті.

Осылайша, тарихи күн келіп жетті – Қазақ КСР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 1991-жылдың 29-тамызында «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. Шынтуайтына келгенде, Қазақстан сол уақытта қуаттылығы жағынан әлемде төртінші болып саналған атом арсеналынан өз еркімен бас тартып, оны жоюды және әлемді осы үрдіске шақырды. 1992-жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Қазақстан көрсеткен бұл жол Нұрсұлтан Назарбаевқа үлкен сенім туғызып, осы сессияда Нұрсұлтан Әбішұлы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру бастамасымен сөз сөйледі. Осындай көп векторлық таралу аймағында Қазақстан өзінің бейбітшіл саясатын әлі де салмақтаумен келеді. Мемлекет басшысы адамзатты ядролық соғыстың пайды болу қаупінен алшақтату мақсатын ешуақытта қаперінен шығарған емес және бұл сыртқы саясаттағы ұстанымның негізі екендігін еш ұмытпайды.

Қазақстан Президенті халықаралық жиындарда ядролық қарусыздану туралы бастамаларымен ең кішкентай мүмкіндіктерді де пайдаланумен келеді. Қазақ елі бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 29-тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялады. Ядролық сынақтарға тыйым салу туралы шартқа қол қою Қазақстанның қарусыздандыру саласындағы тарихының ең маңызды оқиғасы болды. Президент Н.Ә.Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының ресми құжаты ретінде таралған арнайы мәлімдememен сөз сөйледі. Бұл мәлімдемеде Қазақстанның қазіргі жүзжылдықтың ең ірі келісімдерінің бірін дайындауға қосқан үлесіне ерекше көңіл бөлінген. Көптеген мемлекеттер осы Шартқа қол жеткізуде орасан жұмысы үшін Қазақстанға тиісінше баға берді. Нұрсұлтан Назарбаевтың пікірінше, көптеген күрделі мәселелер әлі шешімін тапқан жоқ. Олардың ішінде мемлекеттер арасында жаһандық, әсіресе, соғыс және татулық мәселелері бойынша сенімнің жоқтығы, өндіріске қажетті ядролық материалдар мен қару-жарақтарды сақтау, қоймаларда ұстау, тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы келелі мәселелер, мемлекетаралық кооперациялардың әлсіздігі, мемлекеттермен бейбіт ядролық энергетиканың қауіпсіздік режімін сақтау мәселелеріндегі теңдіктің үйлесімсіздігі және бұл мәселе бойынша халықаралық құқықтық базасының түсінікті еместігі сияқты сауалдар жеткілікті. Егер ядролық мемлекеттер ядролық қаруды жасауға тыйым салуға шақырса, олар өздері де атом арсеналын қысқартып, одан бас тартуы қажет. Өкінішке қарай, бұлай болмай тұр. БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясында Қазақстан лидері Жалпыға бірдей ядросыз әлем декларациясын жасау туралы ойын білдірді. Президент мәлімдегендей, мұндай Жалпыға бірдей әлем декларациясын қабылдау оңайға түспесі анық. Бұл үшін бүкіл әлемнің саналы халқы бірігуі қажет. Осы арада XXI ғасырда БҰҰ-ның қатаң бақылауында болатын ғаламдық ядролық қауіпсіздіктің тұтас жүйесін құруда Қазақстан ерекше өкілетке ие екенін ерекше атап өту керек. Бүгінгі таңда бүкіл әлем барлық мемлекеттердің ядросыз әлемге қадам басуының басталуын күтіп отыр. Бұл мәселеде Қазақстан татулықты сақтап, ғаламшардағы тыныштық әрбір адамның әрекетіне байланысты екендігін дәлелдеді. 2010-жылы БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун жұмыс сапарымен Қазақстанға келіп, ядросыз әлем үшін күресте Нұрсұлтан Назарбаевқа жоғары баға берді. БҰҰ-ның Бас хатшысы: «Сізден артық басқа ешкім ядролық сынақтарды тоқтату және ядролық қарудан бас тарту қажеттілігін мәлімдеу рөліне жарамайды. Өйткені, Сіздің халқыңыз мұндай сынақтардың құрбаны болып көрген»- деп Қазақстан Президентінің жаһандық қарусыз қозғалысқа басшылық ету мүмкіндігін атап өткенін білеміз. Ал Нұрсұлтан Әбішұлы XXI ғасырда адам баласы соңғы ядролық қарудан құтылатынына сеніп, өзінің бітімгерлік борышын жалғастыруда.

Еліміз бен әлем шеңберінде адам баласы жойқын қару зардабын көрмесін деп тілейміз!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,**
**газеттің арнаулы тілшісі**

*Мемлекеттік мұрағатқа 20 жыл*

# ҚАЛА МҰРАҒАТЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ

Өткен жұма күні Приозерск қаласы мемлекеттік мұрағатының 20 жылдық мерейтойы мекеме ғимаратының мәжіліс залында «Мұрағат – мәңгілік таусылмас қазына» тақырыбымен дөңгелек үстел ретінде аталып өтті. Оған қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Салтанат Мірәсілқызы Әбеуова, Приозерск қаласының мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков, «Нұр Отан» партиясы Приозерск қаласы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев, Қарағанды облысының қалалары мен аудандары мемлекеттік мұрағаттарының директорлары, қаладағы мекеме, ұйымдар басшылары және құрметті қонақтар қатысты.

Дөңгелек үстел барысында аталмыш мұрағат директоры Жолмұрат Кеңесовтың «Мұрағат – мәңгілік таусылмас қазына» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Қала әкімі Қ.А.Камзин құттықтау сөз сөйлеп, арнайы сыйлық табыстады. Бұдан соң облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары С.М.Әбеуова «Конституция – еліміздің негізгі заңы» атты баяндама жасады. Қарағанды облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бұрынғы басшысы, қазіргі кезде мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығының директоры Өмірзақ Амантаевтың арнайы құттықтау хаты оқылды. Қарағанды облысы ғылыми-техникалық мемлекеттік мұрағатының басшысы Боранбай Айсанов әріптестер атынан құттықтап, бағалы сыйлық табыс етті. Кезек-кезегімен сөз алған мәслихат хатшысы Б.М.Сәрсембеков, «Нұр Отан» партиясы Приозерск қаласы филиалы төрағасының бірінші орынбасары Д.О.Дүйсембаев Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы мұрағат қызметінің бөлім басшысы Ләззат Байкенжина, зейнеткер, «Сарбаз» газетінің штаттан тыс тілшісі Мұхамбедия Сахалов, ҚР журналистер одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қарабектегі, Жезқазған қаласы мемлекеттік мұрағатының директоры, ақын Бағдат Байжантаев, Приозерск қаласы ЖҚ және ӘБ бөлімінің бас маманы Баян Нұрмағанбетовалар мұрағат мерейтойына арнаған құттықтау сөздерін жеткізді және сый-сыйапаттар жасады. Дөңгелек үстел кезінде мұрағаттың қызметтік жолдарын баяндайтын және Приозерск қаласының өмір-тарихынан сыр шертетін бейнетаспалар тамашаланды.



Мұрағат жұмысының ілгері басуына елеулі қызмет көрсеткен Сәбира Болатқызы, Венера Тасболатқызы, Жолмұрат Кеңесов, Бақытгүл Сайдоллақызы, Ақсәуле Шәкірқызы, Орынбай Машариповтер облыстық басқарма, қала әкімдігі, қалалық мәслихат тарапынан «Құрмет грамоталарымен», «Алғыс хаттармен» марапатталды. Мерейтойға қатысушылар мен құрметті қонақтар мұрағат ұжымының қазақи дәстүрмен арнайы дайындаған мерейтойлық дастарқанынан дәм татысты.

**Н.ӨТЕП**

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

# ТРИХОФИТИЯ КРУПНОГО РОГАТОГО СКОТА

**Трихофития** — грибковое заболевание, поражающее кожу животных и ее производные. Диагностируют его на основании клинических признаков, эпизоотологических данных, а также результатов лабораторных исследований. Рассматриваются возможности лечения, профилактики и оздоровительных мероприятий при выявлении трихофитии у скота.

Трихофития, чаще известная под названием стригущий лишай — инфекционная болезнь, вызываемая несовершенными патогенными микроскопическими грибами. Клиническими признаками ее являются появление на коже животных резко ограниченных, овальной формы шелушащихся участков с обломанными у основания волосами или развитие выраженного воспаления кожи с выделением серозно-гнойного экссудата и образованием корок.

Трихофития характерна для всех видов сельскохозяйственных и домашних животных, мышей, крыс, пушных зверей, а также человека. КРС, в особенности телята от 2 месяцев до 1 года, более других видов животных восприимчивы к данной болезни.

**Эпизоотические данные.**

Источником возбудителя инфекции являются больные и переболевшие животные, от которых при непосредственном контакте заражаются здоровые. Для домашних и сельскохозяйственных животных источником могут быть больные трихофитией мыши, крысы, полевки. Факторами передачи болезни являются все элементы внешней среды, контаминированные грибами данного вида: почва, корма, предметы ухода за животными, пастбища, коровники и телятники, где содержали больных животных.

**Патогенез.**

Грибы рода Trichophyton поражают кожу и ее производные — волосы и шерсть, содержащие кератин (белок), необходимый для их паразитирования. Грибы продуцируют протеолитические ферменты, способствующие расщеплению клеток ороговевшего эпителия и выделяют токсины, вызывающие воспалительный процесс на месте проникновения элементов гриба — гифов.

**Лечение и симптомы болезни.**

Инкубационный период трихофитии составляет от 5 до 30 суток. В период болезни (1-2 месяца и более) на коже появляются плотные бугорки, которые затем размягчаются и на их месте образуются отграниченные от здоровой кожи возвышающиеся пятна округлой формы различной величины. Шерсть на пятнах тусклая, взъерошенная, сечется. В дальнейшем пятна покрываются серовато-белыми корочками, которые впоследствии отпадают, обнажая безволосые участки. У телят первые трихофитийные участки обнаруживаются на коже лба, глаз, рта, у основания ушей, у взрослых — на шее, спине, по бокам грудной клетки. Очаги поражения кожи вызывают у животных зуд.

В зависимости от тяжести патологического процесса различают поверхностную, глубокую (фолликулярную) и стертую (атипичную) формы болезни. У телят, как правило, развивается фолликулярная форма, у взрослых животных — поверхностная и стертая. При поражении внутренней поверхности бедер, промежности, срамных губ развивается везикулярная (пузырчатая) форма трихофитии. Во всех случаях заживление пораженных участков идет от центра к периферии.

**Диагноз.**

Его ставят, руководствуясь комплексным методом и, прежде всего, на основании характерных клинических признаков, эпизоотологических данных и результатов лабораторных микроскопических и микологических исследований. Выделение культуры гриба осуществляют на специальных питательных средах: агаре Сабуро, сусло-агаре, среде Чапека. Материалом для исследования служат выщипы волос и корочек с периферии трихофитийных очагов, не подвергшихся лечебной обработке.

Непосредственно в хозяйстве с помощью микроскопа можно определить принадлежность возбудителя к роду Trichophyton или Microsporum, т.е. дифференцировать дерматомикоз. Для этого волосы, чешуйки, корочки помещают на предметное стекло или чашку Петри, заливают 10-15% раствором гидроокиси натрия и выдерживают в течение 20-30 минут в термостате (или слегка подогревают над пламенем спиртовки). После этого препараты помещают на предметное стекло в каплю 50% водного раствора глицерина, накрывают предметным стеклом и просматривают сначала на малом, а затем на среднем увеличении микроскопа. Наблюдают распавшиеся на споры гифы мицелия, располагающиеся в виде цепочек. Споры гриба трихофитона круглой или овальной формы, величиной 3-8 мкм, споры грибов Microsporum — мельче (3-5 мкм) и располагаются беспорядочно, мозаично. Микроспория у КРС на территории России не установлена.

**Иммунитет.**

После естественного перебрлевания трихофитией у КРС формируется напряженный иммунитет. Повторное заболевание возможно лишь в редких случаях.

В настоящее время биопромышленность выпускает живые ослабленные вакцины: ТФ-130, ЛТФ-130 и ТФ-130К. Их применяют внутримышечно двукратно с интервалом 10-14 суток в область крупа. Иммунитет у животных формируется к 30 дню после второго введения вакцины и сохраняется до года. Профилактическая эффективность вакцинации составляет 95-100%. Вакцинация больных или истощенных животных не всегда сопровождается выработкой напряженного иммунитета.

**Профилактика и оздоровительные мероприятия.**

К общепрофилактическим мероприятиям относятся: соблюдение ветеринарно-санитарных правил на фермах; недопущение контактов общественного скота с животными частного сектора; создание нормальных условий содержания и эксплуатации; обеспечение полноценными рационами, сбалансированными по всем основным питательным веществам, проведение в соответствии с планом профилактических дезинфекций, дезинсекций и дератизаций. При выгоне на пастбище, переводе в летние лагеря, на стойловое содержание все поголовье КРС, особенно телят текущего года рождения, подвергают клиническому осмотру, а вновь поступивший в хозяйство скот — 30-дневному карантину. Для специфической профилактики с месячного возраста осуществляют вакцинацию телят как в хозяйствах общественной, так и частной собственности.

Ежедневно в помещениях, где находятся больные животные, проводят механическую очистку, навоз и остатки корма подвергают обеззараживанию на территории навозохранилища.

Хозяйство объявляют благополучным через 2 месяца после последнего случая выявления клинически больных животных.

**Рымбекова С.Т.,**
**Гл.специалист отдела ветеринарии**
**г.Приозерск**

*Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл*

# АБАЙ – ДАНА, АБАЙ – ДАРА

Жыл керуені алға жылжыған сайын Абай Құнанбайұлының артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздың қараңғы түн қайнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап, өркендей өсіп, айшықтала түсуде. Үстіміздегі жылы халқымыздың дара ақыны, ғұлама ойшыл, сазгер Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жылдық мерейтойы кең көлемде тойланып жатқаны баршаңызға мәлім.

Осы орайда «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Абай-дана, Абай-дара қазақта» атты Абай оқулары сайысы болып өтті. «Өлең сөздің патшасы» , «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар», «Абайдың қара сөздері» атты үш кезеңнен тұратын сайысқа алты үміткер қатысты. Шараның мақсаты оқырмандардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын, тұлғалық сезім мәдениетін дамыту, Абай поэзиясына, ұлы ойшылдың мұрасына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, Абай шығармаларын насихаттау.



Байқауға қатысатын үміткерлердің жас ерекшеліктері, шығарманы жатқа оқу, орындау уақыты шектелмеді. Әділқазылар алқасы қатысушылардың көркем мәтінді оқу шеберлігіне, ән орындау қабілетіне, сахна мәдениетіне баса назар аударды. «Өлең сөздің патшасы» номинациясы бойынша Джанбаева Гүлсая, «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар» номинациясы бойынша Азнабаева Айкерім, «Абайдың қара сөздері» номинациясы бойынша Ермекбай Мейрамбек бірінші орындарды иеленді. Басқа да қатысушыларға «Дабылды жырдың дауылпазы», «Көңілім әнді ұғады» т.б номинацялар бойынша мақтау қағаздары тапсырылды.

Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс» - деген еді.

Олай болса Абай атамыздың асыл сөздері келешек заманымызда да гауһардай жарқырап, көзі ашық көкіректерге нұр болып құйыла берері анық.

**Б.Алшынбекулы.**
*Суретте: сайысқа қатысушылар, түсірген автор*

# «ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ

***(соңы. басы 1 бет.)***

дардың өнегелік және рухани дамуын қалыптастыру, оларды патриотизмге тәрбиелеу, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту болып табылады. Аталған міндеттерді іске асыру үшін республика бойынша жастарды патриоттық тәрбиелеу іс-шаралары да әзірленген. Солардың бірі «Жасыл ел» бағдарламасы. «Жасыл ел» бағдарламасының негізі Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» Жолдауы бойынша қаланған болатын.

Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығының ұйымдастыруымен алғаш рет 2014-жылдын 1-тамыздынын бастап, 20 сарбаздан құрылған «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары өз жұмысын бастаған болатын. Ал, 2015-жылы «Жасыл Ел» еңбек жасақтары 3-маусымнан бастап 30 сарбаздан құралған 3 жасақ 3 айға (маусым, шілде, тамыз) жұмысқа жұмылдырылды. Жасақ құрамына жастарды жұмылдыру үшін 1 ай бұрын қала көшелеріне хабарландыру ілініп, қаламыздағы 16 мен 25 жас аралығындағы 30 жас өз еріктерімен жұмыс істеуге ниет білдірді. Ашылу салтанаты 3 маусымда, көл жағасында серуен түрінде, сейіл құрып, сарбаздар жұмыстарын көңілді көңіл-күймен бастады. Сарбаздардың барлығы арнайы жұмыс киімімен тәмінделді.

–Жасақ қала аумағы бойынша 25,2 га көлемдегі аумақта жұмыс жасады. Анығын айтқанда, ағаштарды суару, Балқаш көлінің жағасын, көшелерді қоқыстан тазалау (Достық көшесі, Гвардейская, Балхаш, Космонавтов, Рахымжан Қошқарбаев, БСА, Кисунько және тағы басқа көшелер) бойынша пайдалы іспен айналысты. 28-тамыз күні «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары жұмыстарының маусымы аяқталады. Өз еңбекқорлығын айқындап көрсеткен сарбаздарды бағалы сыйлықтармен марапаттау жоспарлануда, – деді өз сөзінде «Приозерск қаласының жастармен жұмыс жөніндегі орталығы» КММ инспекторы Рақыш Айдуман Қазбекұлы.

**Н.ӨТЕП**

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

**АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ**

**Продам**

**Mitsubishi Space Runner**, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен. **телефону: 87054617098, 87788541589, 87051795301**

**НЕДВИЖИМОСТЬ**

**Продам**

**Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. . Адрес: ул.Кисунько, 15/3 -37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59**

***

**Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11**

***

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:**8-701-481-47-98,8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40 Рассмотрим варианты!**

***

2-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д. 5, кв. 51. Первый этаж, имеется балкон. Квартира в хорошем состоянии. Цена договорная. Обращаться по **тел. 8702-786-58-82, 8778-853-87-97.**

***

3-комн. квартира. Или меняю на 2-комнатную с доплатой. **Тел. 87755749131 дом.5-33-64**

***

Приватизированная 2-комн. квартира, сделан кап.ремонт, без долгов, по ул. Агыбай батыра -4, кв.15 **тел.8-777-485-62-51**

**УСЛУГИ**

**Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мади. Тел. 87026988613**

**УТЕРЯНО**

**Договор купли-продажи квартиры** по адресу: ул.Космонавтов, д.5, кв.1 за №6668 от 26.12.2013 года, выданный на имя **Ауелбаева Ерлана Туганбаевича**. Прошу вернуть за вознаграждение. **Тел. 8-778-101-92-61**

**СЧИТАТЬ НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ**

**Аттестат о среднем образовании № 0183930** от 20.06.2008 года, выданный средней школой №43 Актогайского р-на на имя **Кузяевой Кристины Михайловны**

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А..**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ ***№ 32/417*** Тираж: 500 экз., объем- 1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*